

“Озат тәжірибе- баршаға ортақ”

“Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз”.

Абай Құнанбайұлы.

Мектептің әдістемелік кеңесінің өзекті
мәселесі.

Әдістемелік кеңестің өзекті тақырыбы:

Оқыту мен тәрбие жұмысын жақсартудың дамытушылық әдістерін пайдалана отырып жұмыс істеу.

2022- 2023 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.

1. Пән мұғалімдерінің білім дәрежелері мен мамандық шеберлігін шыңдау.
2. Шығармашылықпен жұмыс істейтін озық тәжірибелі мұғалімдер арасында тарату жұмыстарын жалғастыру.
3. Мектептен, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын нығайту.
4. Оқу кабинеттерін жаңа талап деңгейінде эстетикалық талғаммен жабдықтау.
5. ҰБТ- ға дайындық шараларын жан - жақты жетілдіру.

**Әдістемелік Кеңестің 2021-2022 оқу жылындағы
қорытындылары және 2022-2023 оқу жылының
міндеттері.**

Әдістемелік жұмыстар 2021-2022 оқу жылында жоспарға сай өтілді. Әдістемелік жұмыстардың дұрыс жолға қойылуы, жаңа технология элементтерін пайдалануы жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Жыл бойына бірнеше ашық сабақтар, оқушылар арасында пәнаралық жарыстар өткізіліп тұрды. Мектеп әкімшілігі мектептің материалдық – техникалық базасын нығайту мақсатында үнемі жұмыс жүргізді. Жоғары ұйымдардың білім туралы бұйрықтары мектепте оқылып, талқыланды. Пән бөлмелері біртіндеп көркемделіп жатыр. Білім сапасын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар өз нәтижесін берді. Мұғалімдер байытылған көрнекіліктермен сабақтар өтті.

Әдістемелік Кеңес 2021-2022 оқу жылын қорытындылай келе өз алдына 2022-2023 оқу жылына төмендегідей міндеттер жүктейді.

1. Педагогикалық ғылым жетістіктерін өз сабағында пайдаланып, өз үстінде шығармашылықпен жұмыс жүргізу.
2. Жас мамандарға көмек беру, оларға бағыт-бағдар жасап, тығыз байланыста болу.
3. Білім сапасын арттыру, аудандық, облыстық олимпиадада жүлделі орындарға ие болу.
4. Озат тәжірибелі мұғалімдер іс-тәжірибесін оқу, мектепшілік тарату, ауданға ұсыну.
5. Пәндер бойынша ғылыми-конференциялар, семинар, педоқулар өткізу.
6. Тәжірибе алмасу, сабақты өту, сабаққа ену, сабақты оқу жоспарына сай өту.
7. Өз білімін үнемі жетілдіріп, өз үстінде жұмыс жүргізу.



Бекітемін,
Мектеп дир.
29.08.2022ж.

Ж.Сопбеков

№ 59 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта
мектеп әдістемелік кеңесінің 2022-2023 оқу
жылындағы жұмыс жоспары.

к / с	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Өткен оқу жылының қорытындысы мен жаңа оқу жылының міндеттері (баяндаманың- А .Сыдықов) 2.Ұйымдастыру жұмыстары -кеңес құрамын белгілеу -әдістемелік бірлестіктерді құру және ұйымдастыру -шығармашылық топты құру,жоспарын белгілеу -ҰБТ-ға іс-шара түзу	тамыз	Кеңес мүшелері Бірлестік жетекшілері
2	1. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы. 2. Тіл мерекесінің қорытындысы. 3. Қазақ тілі апталығының қорытындысы. 4. ҰБТ-ға оқушыларды дайындау туралы. 5. Мұғалімдердің іс-тәжірибесінен баяндамалар оқу.	қараша	А .Сыдықов Қ. Мусалиев Қ. Мусалиев А. Сыдықов Пән мұғалімдері
3	1. БЖБ және ГЖБ жұмыстары туралы. 2. ҰБТ-ға оқушыларды дайындау барысы. 3. Мұғалімдердің іс-тәжірибесінен баяндамалар оқу.	қаңтар	А. Сыдықов А. Сыдықов Пән мұғалімдері
4	1. 9,11-сынып оқушыларын бітіру емтихандарымен таныстыру. 2. Мұғалімдерді аттестациядан өткізу қорытындысы. 3. Мұғалімдердің іс-тәжірибесінен баяндамалар оқу.	наурыз	А .Сыдықов А .Сыдықов Пән мұғалімдері
5	1.Пән бірлестіктері жұмыстарының қорытындысы. 2. 11-сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау барысы. 3. Мұғалімдердің білімін жетілдіру курсына баруының қорытындысы. 4. Тамыз конференциясына баяндамалар дайындау.	мамыр	Бірлестік жетекшілері. А .Сыдықов А .Сыдықов А.Абдурахманов

Әдістемелік Кеңес төрағасы:

А.Сыдықов

Әдістемелік кеңес мүшелерін белгілеу

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие істерін жандандыру, жалпыға білім беруді жақсарту және әдістемелік жұмыс жүйесін ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда әдістемелік кеңес мүшелері белгіленді.

1. Сыдықов А.- төраға, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары.

2. Ерматов Н.- мүше, жаратылыстану-математика пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі жетекшісі.

3. Абдурахманов А.- мүше, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасары.

4. Мусалиев Қ.- мүше, қоғамдық-гуманитарлық пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі жетекшісі.

5. Аюмова А.- хатшы, бастауыш сынып пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі жетекшісі.

Мұғалімдер мен оқушылар арасында шығармашылық пен ғылыми жоба жұмыстарын жандандыру мақсатында мектепте «Дарын» атты ғылыми қоғам құрылып, оның құрамы төмендегідей болып белгіленді.

1. Мусалиев Қ - қоғам жетекшісі, тарих пәні мұғалімі.

2. Абдурахманов А - қоғам мүшесі, биология пәні мұғалімі.

3. Досалнева Ж - қоғам мүшесі, қазақ тілі пән мұғалімі.

4. Исмайлова М - қоғам мүшесі, бастауыш сынып мұғалімі.

5. Эшанкулова К- қоғам мүшесі, физика пәні мұғалімі.

**№59 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектеп мұғалімдерінің
білім жетілдіру және арттырудың 2022-2023 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары.**

к/с	Қызмет, мамандық аттары	Мұғалім саны	Жоспар тапсырыс	9	10	11	12	1	2	3	4	5	6	Барлығы
1	Директор	1												
2	Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	2	1								1			1
3	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар	2	1									1		1
4	МАДТ тәрбиеші	2	1						1					1
5	Бастауыш сынып мұғалімі	10	1								1			1
6	Қазақ тілі	4	1					1						1
7	Орыс тілі	4												
8	Шет тілі	4	1								1			1
9	Информатика	2	1				1							1
10	Физика	1												
11	Математика	3	1							1				1
12	Тарих	3	1			1								1
13	География	1												
14	Биология	2												
15	Еңбек	3												
16	АӘД	1												
17	Д/ш	4	3		1	1	1							3
18	Әлеуметтік педагог	1												
19	Тәлімгер	1												
20	Психолог	1												
21	Кітапхана	1												
	Барлығы	53	12		1	2	2	1	1	1	3	1		12



Мектеп директоры:

Ж.Солбеков

Ж.Солбеков

№ 59 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында білім жетілдіру курсынан өтетін мұғалімдері туралы мәлімет.

к/с	Мұғалімнің аты-жөні	Туған жылы	Ұлт	Білім	Қандай оқу орнын қай жылы бітірді	Мамандығы	Қай пәннен сабақ береді	Пед.өтілі	Санаты	Күрестің қашан өтеді
1	Сыдақов А	1972	қазақ	жоғ	ХҚТУ 1995	химия-биология	химия	27	пс	2023
2	Ерматов Н	1975	қазақ	жоғ	ШӨНПУ 2005	математика-информатика	математика-информатика	21	пм	2022
3	Қожабекова З	1975	қазақ	Жоғ	АӘИУ 2014	бас.сынып	МАД	12	пс	2023
4	Катипова Х	1975	қазақ	жоғ	ШӨНПУ 2012	математика	математика	6	-	2023
5	Жұманов А	1983	қазақ	жоғ	ХҚАУ 2005	тарих	тарих	16	1	2022
6	Сапар М	1995	қазақ	жоғ	АӘИУ 2017	ағылшын тілі	ағылшын тілі	5	Пм	2023
7	Алқабаев К	1977	қазақ	жоғ	ШУ 2006	тарих	тарих	20	1	2023
8	Қасымова Х	1985	қазақ	жоғ	ШУ 2012	бас.сынып	бас.сынып	10	Пм	2023
9	Досалиев А	1974	қазақ	жоғ	ТМПИ 1997	қазақ тілі	қазақ тілі	31	пс	2023
10	Алимханов М	1973	қазақ	жоғ	ШПДИ 1995	д/ш	д/ш	31	пс	2022
11	Қамалов К	1967	қазақ	жоғ	ШПДИ 1995	д/ш	д/ш	30	пс	2022
12	Аманов А	1974	қазақ	жоғ	ШПДИ 1995	д/ш	д/ш	29	пс	2022



Мектеп директоры:

Ж.Сонбеков Ж.Сонбеков

**№59 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы
Әдістемелік Кеңесі отырысының №1 хаттамасы**

Бозай ауылы

29.08.2022 жыл

Қатысуы керек – 51 мұғалім
Қатысқаны – 51 мұғалім

Күн тәртібінде:

**1.Өткен оқу жылының қорытындысы мен жаңа оқу жылының міндеттері.
(А.Сыдықов)**

2.Ұйымдастыру жұмыстары

- Кенес құрамын белгілеу;
- Әдістемелік бірлестіктерді құру;
- Шығармашыл топты құру,жоспар құру;
- Ұлттық бірыңғай тест жоспарын белгілеу.

Тыңдалды:

Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары А.Сыдықов «Әдістемелік Кеңестің 2021-2022 оқу жылындағы қорытындылары мен 2022-2023 оқу жылындағы міндеттері» тақырыбында баяндама жасады. Әдістемелік жұмыстар 2021-2022 оқу жылында жоспарға сай өтіліп,оның дұрыс жолға қойылуы,жаңа технология элементтерін пайдалануы жақсы нәтижелерге қол жеткізді.Жыл бойына бірнеше анық сабақтар,оқушылар арасында пәнаралық жарыстар өткізіліп тұрды.Мектеп әкімшілігі мектептің материалдық-техникалық базасын шығайту мақсатында үнемі жұмыстар жүргізіп отырды.Жоғары ұйымдардың білім туралы жалпы бұйрықтары мектепте оқылып,талқыланып отырды.Пән бөлмелері біртіндеп жабықталды.Білім сапасын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар өз нәтижесін берді.Мұғалімдер байытылған көрнекіліктермен сабақтар өтті.Әдістемелік Кеңес 2021-2022 оқу жылын қорытындылай келе өз алдына 2022-2023 оқу жылына төмендегідей міндеттер жүктейді.

- 1.Жас мамандарға көмек беру , оларға бағыт-бағдар жасау , тығыз байланыста болу.
 - 2.Педагогикалық ғылым жетістіктерін өз сабағында пайдалану,өз үстінде шығармашылықпен жұмыс жүргізу.
 - 3.Білім сапасын арттыру,облыстық , аудандық олимпиадада жүлделі орындарға ие болу.
 - 4.Озат тәжірибелі мұғалімдер іс-тәжірибесін оқу,мектепшілік тарату,ауданға ұсыну.
 - 5.Пәндер бойынша ғылыми конференциялар,семинарлар,педокулар өткізу.
 - 6.Тәжірибе алмасу,сабақты өту,сабаққа ену,сабақты оқу жоспарына сай өту.
 - 7.Өз білімін үнемі жетілдіріп, өз үстінде жұмыс жүргізу.
- 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие істерін жандандыру,жалпыға білім беруді жақсарту және әдістемелік жұмыс жүйесін ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда Әдістемелік Кеңес мүшелері белгіленді.

- 1.А.Сыдықов -төраға, мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары.
- 2.Н.Ерматов – мүше, ӘБ жетекші.
- 3.А.Аюмова- хатшы, ӘБ жетекші.
- 4.Қ.Мусалиев- мүше, ӘБ жетекші.
- 5.Абдурахманов А- мүше, мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары.

Мұғалімдер мен оқушылар арасында шығармашылық пен ғылыми жоба жұмыстарын жандандыру мақсатында мектепте «Дарын» атты ғылыми қоғам құрылып , оның құрамы төмендегідей болып белгіленді.

1. Мусалиев Қ - қоғам жетекшісі, тарих пәні мұғалімі.
2. Абдурахманов А- қоғам мүшесі, биология пәні мұғалімі.
3. Досалиева Ж - қоғам мүшесі, қазақ тілі пән мұғалімі.
4. Исмайлова М - қоғам мүшесі, бастауып сынып мұғалімі.
5. Эшанкулова К- қоғам мүшесі, физика пәні мұғалімі.

Әдістемелік Кеңесі отырысының қаулысы :

1. Әдістемелік Кеңестің 2021-2022 оқу жылындағы атқарған жұмыстары «қанағаттанарлы» деп табылсын.
2. Әдістемелік Кеңестің 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жоспары баяндамада көрсетілген жобада мақұлданып.
3. Әдістемелік Кеңестің құрамы, ұйымдастыру жоспары, Ұлттық Бірыңғай Тест жоспары ұсынылған жоба бойынша мақұлданып.
4. Білім стандарттарына сәйкес сапалы білім беруді үйлестіру, сонымен бірге жаңа технологиямен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, озық тәжірибелерді насихаттау Әдістемелік Кеңеске жүктелсін.

Әдістемелік Кеңес төрағасы:



А.Сыдықов

Хатшысы:



А.Аюмова

**№59 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы
Әдістемелік Кеңесі отырысының № 2 хаттамасы**

Бозай ауылы

04.11.2022 жыл

Қатысуы керек – 51 мұғалім

Қатысқаны – 51 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы.
(А.Сыдықов)
2. Тіл мерекесінің қорытындысы.
(К.Мусалиев)
3. Қазақ тілі апталығының қорытындысы.
(К.Мусалиев)
4. ҰБТ –ға оқушыларды дайындау туралы.
(А.Сыдықов, А.Досалиев, С.Давланбекова)
5. Мұғалімдердің іс-тәжірибесінен баяндамалар оқу.
(Б.Жылқыбаева, З.Қожабекова)

Тыңдалды:

А.Сыдықов - Әдістемелік Кеңес төрағасы, мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары. Мектепшілік пән олимпиадасы мектепте 9-11 сыныптар арасында қараша айының 1-і мен 4-і күндері аралығында болып өтті. Мектеп бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Нұрғали Оразгүл, 10 сыныптан Абдуали Ақниет, ал 11 сыныптан Кабил Балнұр жеңіп алды. Қазақстан тарихы пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Шаполат Жасұлан, 10 сыныптан Сакенқызы Жансая, ал 11 сыныптан Мусратинна Фариза жеңіп алды. Орыс тілі пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Нұрғали Оразгүл, 10 сыныптан Кемелбай Айгерім, ал 11 сыныптан Унгар Сафура жеңіп алды. Ағылшын тілі пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Асанхан Еріңұр, 10 сыныптан Кабил Айда, ал 11 сыныптан Құрбанқұл Сафура жеңіп алды. Химия пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Абил Әсемай, 10 сыныптан Рахман Нұргүл, ал 11 сыныптан Аширалиева Ботагөз жеңіп алды. Математика пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Аширбай Айда, 10 сыныптан Кәрімберді Мадина, ал 11 сыныптан Сатыбалды Аружан жеңіп алды. Биология пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Самик Әлия, 10 сыныптан Кемелбай Айгерім, ал 11 сыныптан Мусратинна Фариза жеңіп алды. География пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Шаполат Жасұлан, 10 сыныптан Абдуали Ақниет, ал 11 сыныптан Оспан Жазира жеңіп алды. Информатика пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Аширбай Асылтас, 10 сыныптан Сакенқызы Жансая, ал 11 сыныптан Рыскелді Орынғұл жеңіп алды. Физика пәнінен 1-орынды 9 сынып оқушысы Нұрғали Оразқұл, 10 сынып оқушысы Кабил Айда, 11 сынып оқушысы Әшірберген Аяулым жеңіп алды.

К.Мусалиев – қоғамдық-гуманитарлық пәндері мұғалімдері бірлестігінің жетекшісі. Мектепшілік «Тіл бірдің – тілегі бір» атты «Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» мерекесіне арналған іс-шара қыркүйек айының 19-23 күндері аралығында болып өтті. Қабырға газеттері мен кітап көрмелері ұйымдастырылды. «Сөзмерген» сайысы 6-7 сынып оқушылары арасында өткізілді. «Тілім менің тірлігімнің айағы» атты байқау 8-9 сыныптар арасында өтті. 5 сынып оқушылары «Мың бір мақал-жүз бір жұмбақ» ойынын ойнады. Тіл туралы қанатты сөздер жазылған баннерлер бойынша А.Жуманов жұмыс жүргізді. 10 сынып оқушылары «Көп тілді білуді бақыт» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізді. Қабырға газеттері бойынша 10 сынып оқушылары бірінші орынды алса, шығармалар байқауынан 11 сынып оқушылары жеңімпаз болды. Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандары арасында мәжіліс өткізіліп, қызу пікірталас жүргізілді.

11 сыныпта оқитын 31 оқушының 30-ы ҰБТ-ға қатысуға өз өтініштерін білдірді. Бұл 96,7 % болады. ҰБТ бойынша оқушыларда дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Кітапшаларды алуға сұраныс берілген. Ата-аналар мен оқушыларға түсіндіру үшін жиналыстар өткізілген.

3.Қожабекова –бастауыш сынып мұғалімі. «Оқушының қызығушылығын арттыру» деген тақырыпта баяндама жасады. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды,білім,білік,дағдыны қабылдайды. Екіншіден кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады.Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы ол баланың өзін - өзі қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс - тәсілдер іздейді.Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды.Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулып,олардың белсенділігін арттыру үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады.

Мысалы:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу.
(сөзжұмбақ,құрастырмалы ойындар)
4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (мәтін мазмұнын оңдеу, шығарма,шағын әңгіме мәтінін құру т.б.)
5. Әңгіменің ұжастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
6. Қиялдау арқылы сурет салғызу,рөлге бөліп оқыту.
7. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.
8. Ой шапшаңдығын,сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

Б.Жылқыбаева – орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі. «PISA - оқу сауаттылығын бағалауға байланысты халықаралық зерттеу » атты баяндамасын оқыды. Елбасы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды.Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі үрдісінде де маңызды болып табылады. PISA- 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудың сауаттылық,математикалық және жаратылыстану - ғылыми сауаттылық.Зерттеу айналым бдйынша үш жылда бір рет жүргізіледі. PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдер Австралия, Финляндия,Жапония,Жаңа Зеландия,Италия,Оңтүстік Корея және т.б.

А.Абдурахманов - биология пәні мұғалімі. . «Мектеп оқушыларының жетістіктерге жетуіне жасалатын жағдаяттар» деген тақырыпта баяндама жасады.Оқушы өмірінде қуаныш немесе оны тәрбиелеу түсінігі ерекше орын алады. Оқушыларының жетістіктерге жетуіне әртүрлі жағдайларды қарастыруға болады.Ол үшін қуаныштың түрлерін алуға болады.

- орындалатын қуаныш
- күтпеген қуаныш
- отбасылық қуаныш
- тану қуанышы

Танымдық шығармашылықты дамытуды үш кезеңге бөлуге болады.Бірінші кезең-ойлаудың өз бетінше белсенділігі,шығармашылық қабілетіне қолайлы жағдай жасау.Оқушының сабақты қабылдауы,зейін,еске сақтау қабілеттері.Екінші кезең-жаңа ұғымдарды қалыптастыру мақсатында ой қызметін ұйымдастыру.Үшінші кезең-түсіндірілген тақырыптың практикалық мәнін ашып көрсету немесе түсіндіру.

Әдістемелік Кеңесі отырысының қаулысы :

1. Мектепшілік пән олимпиадасынан жүлделі орын алған оқушылар марапатталсын және аудандық іріктеуден өткен оқушыларды келесі олимпиадаға дайындау пән мұғалімдерінің міндетіне жүктелсін.
2. Пән мұғалімдерінің " Тіл мерекесі " апталықтарының қорытындысы " қанағаттанарлы " деп табылсын.
3. ҰБТ – ға оқушыларды жан-жақты дайындау жұмыстары күшейтілсін.
4. Жоғарыда оқылған мұғалімдердің іс-тәжірибесі толықтырылып , мектепшілік әдіс алмасуға ұсынылсын.

Әдістемелік Кеңес төрағасы:

А.Сыдықов

Хатшысы:

А.Аюмова

**№59 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы
Әдістемелік Кеңесі отырысының №3 хаттамасы**

Бозай ауылы

05.01.2023 жыл

Қатысуы керек – 51 мұғалім
Қатысқаны – 51 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. БЖБ және ТЖБ жұмыстары туралы.
(А.Сыдықов)
2. ҰБТ-ға оқушыларды дайындау туралы.
(А.Сыдықов, А.Досалиев, С.Давланбекова)
3. Мұғалімдердің іс-тәжірибесінен баяндамалар оқу.
(М.Түймебаева)

Тыңдалды:

А.Сыдықов - Әдістемелік Кеңес төрағасы, мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары БЖБ және ТЖБ туралы айтты. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 26 қарашадағы №509 бұйрығына сәйкес аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді. «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық», «Қоғам және дін», бастауыш сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникативтік технология» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсан/жарты жыл және оқу жылының соңында «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық даярлық», «Қоғам және дін», бастауыш сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникативтік технология» пәндері бойынша «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады. Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады. Вариативтік компонент есебінен таңдалған 7-9-сыныптардағы оқу пәндері бойынша (инварианттық компоненттегі таңдау пәндері) жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады.

11 сыныпта оқитын 31 оқушының 20-сы қаңтар, ақпан айында ақылы ҰБТ-ға қатысуға өз өтініштерін білдірді. Бұл 64,5% болады. Тест кітапшалары алынып, жалпы ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

М.Түймебаева – бастауыш сынып мұғалімі. "Оқушының қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру" деген тақырыпта баяндама жасады. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды.

Біріншіден – кез келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақтаған тәжірибесін меңгертуге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім, білік, дағдыны қабылдайды.

Екіншіден – кез келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады.

Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілетін дамытады.

Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктері мен қызығушылығын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу.

(сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар)

4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т.б.)

5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту.

7. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру.

8. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

Әдістемелік Кеңесі отырысының қаулысы :


1. БЖБ және ТЖБ бойынша жұмыстар қолға алынсын.
2. ҰБТ – га оқушыларды жан-жақты дайындау жұмыстары күшейтілсін.
3. Жоғарыда оқылған мұғалімдердің іс-тәжірибесі толықтырылып, мектепшілік әдіс алмасуға ұсынылсын.

Әдістемелік Кеңес төрағасы:



А.Сыдықов

Хатшысы:



А.Аюмова